

Г. У. Темірбекова, 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: М. Қ. Ынтықбаев, қылмыстық құқық және іс жүргізу
кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент
(«Фемид» Заң академиясы)

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІН ТИІСІНШЕ ОРЫНДАМАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ҰҒЫМЫ

Медицина қызметкерлерінің өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысты қылмыстар медициналық, құқықтық және криминалистік болып әдебиетте әртүрлі аталады: дәрігерлік қылмыстар, медициналық қызмет көрсету саласындағы қылмыстар, тиісінше емдеу, медициналық қызмет саласындағы кәсіби қылмыстар, дәрігерлік қателіктер, ятрогенді (дәрігер туындатқан) қылмыстар. Аталған қылмыстардың әртүрлі ұғымдары да бар. Бірақ көптеген авторлардың пікірінше, бұл қылмыстардың барлығы пациенттерге медициналық көмек көрсету барысында жасалады және жәбірленушінің өлуіне немесе денсаулығына ауыр зиян келтіруіне алып келеді.

Сонымен бірге, медициналық қызметті жүзеге асыру саласында қасақаналық сипаттағы бірқатар қылмыстар жасалады, соның ішінде олардың ниеті болып пайдакүнемдік, заңсыз баюға ұмтылу болуы мүмкін.

Keң тұрғыдан өздерінің кәсіптік міндеттерін атқару барысында медицина қызметкерлерімен жасалатын қылмыстар деп адамның өміріне, денсаулығына және заңмен қорғалған басқа да қатынастарға қол сұғатын іс-әрекеттерді түсінеміз. Қылмыстардың көрсетілген тобын әртүрлі негіздер бойынша топтастырады. Бұл жерде аталған ұғымды медициналық қызметтің бағыттары (салалары) бойынша жасалған қылмыстар, санитарлы медициналық емдеу саласында, тәжірибелік және ғылыми-зерттеушілік медицина аясында, спорттық медицина аясында, косметикалық медицина аясында және т. б.

Өз кезегінде, осындай тәсілмен бөліп алып топтастырылған қылмыстар тобы: қасақаналық және абайсыздық; рұқсат етілген және тыйым салынған медициналық қызметті жүзеге асыру барысында; пайдакүнемдік және өзге де ниеттермен жасалған қылмыстар, сондай-ақ сол немесе басқа да белгілер бойынша (мәселен, медициналық мамандануы бойынша, хирургиялық қызмет көрсету, диагностикалық қызмет көрсету, терапевтикалық қызмет, ауыстырып салу не өзгедей пайдалану (трансплантация) қызметі үдерістерінде және т. б. деп бөлінеді.

Медициналық көмек көрсету аясында емдеу — медицина ережелерін қылмыстық бұзу бірнеше топтарға бөлінеді.

1. Диагностикалық бұзулар — ауруларға және олардың асқынуына байланысты диагноз қоюдағы қателіктер;

2. Емдеу-тактикалық бұзулар — диагностикалық бұзылулардың салдарынан туындайды. Аурудың шынайы сипатына сай келмейтін ем тағайындала отырып, көрсетілген қажетті терапия жүргізілмейді;

3. Техникалық бұзулар — диагностикалық және емдік манипуляциялар, процедуралар, әдістемелер, операцияларды жүргізу барысында жіберілген кемшіліктер;

4. Ұйымдастырушылық бұзулар — сол немесе басқа да қызметке қажет шарттарды, медициналық көмектің сол немесе басқа да түрлерін ұйымдастырудағы кемшіліктер;

5. Диагностикалық бұзулар — науқасқа қатысты дәрігердің тиісті мінез-құлық ережелерін бұзуы, яғни дәрігердің кәсіби этикасын сақтамауы;

6. Медициналық құжаттарды толтыру барысындағы бұзулар — (операция жазбасын нақты емес, түсініксіз етіп жазу, операциядан кейін жазба күнделігін дұрыс жазбау, науқасты басқа да медициналық мекемеге жіберуде құжаттарды дұрыс толтырмау және т. б.).

Медицина қызметкерлерінің өзінің кәсіби міндеттерін бұзу кезіндегі құқыққа қайшылығы тікелей де, шартты да болуы мүмкін. Тікелей деп медицина және фармацевтика қызметкерлерінің арнайы заңмен көзделінген міндеттерін бұзуын айтады.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби қызметтерін орындауы нәтижесінде жасалатын көптеген қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер үшін шартты қайшылық тән. Бұл іс-әрекет әдебиетте «теріс емдеу» деп аталады.

Адамға өлім туындататын және денсаулығына зиян келтіретін құқыққа қайшы іс-әрекеттер қылмыстық заңмен қарастырылғанмен, медицина қызметінің ерекшелігі мұндай зардаптарды медицина қызметкерлерінің құқыққа қайшы әрекеті (әрекетсіздігі) деп тану үшін жеткілікті емес. Өлімге алып келген нәтижелер немесе пациенттің денсаулығының нашарлауы, медицина қызметкері әрекетінің (әрекетсіздігінің) осы зардаппен себепті байланысының болуы, іс-әрекетті құқыққа қайшы деп тануға негіздер бермейді.

Адамның өміріне және денсаулығына қол сұғатын басқа да қылмыстармен қатар ҚР ҚК-нің 114, 114-1-баптарында көзделген іс-әрекет те жатқызылады. Көрсетілген қылмыстық-құқықтық норма медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік қызметін орындамағаны немесе клиникалық сынақтар жүргізудің, алдын алудың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолданудың тәртібін бұзғандығы үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді. Қарастырылып жатқан қылмыстар қылмыстық заңмен көзделінген басқа адамның өміріне және денсаулығына зиян келтіретін қоғамға қауіпті абайсызда және қасақана жасалынған іс-әрекет.

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік қызметін орындамағаны үшін қылмыстық жауаптылығы мәселесіне байланысты медициналық тәжірибе құқықтың алдына қойылған күрделі мәселелердің қатарына жатады. Медицина қызметкерлерінің құқыққа қайшы іс-әрекеттерін объективті қылмыстық-құқықтық бағалау кәсіби медициналық қызметтің көпжақты өзіне тән ерекшелігіне байланысты қиындық тудырады.